



**"Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 желтоқсан N 1664

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы  
азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті  
сақтандыру туралы

Осы Заң тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдар

1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдарға Қазақстан Республикасының

Азаматтық К990409\_ кодексі, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Z000126\_ Заңы, осы Заң және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері жатады.

2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) туындайтын және басқа заң актілерінің қолданылу аясына қатысты қатынастардың осы Заңда тікелей реттелген қатынастардан басқасы осы актілермен реттеледі.

3. Осы Заң тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қосымша сақтандыруды ерікті тәртіппен жүзеге асыру құқығын ш е к т е м е й д і .

## 2-бап. Міндетті сақтандыру объектісі

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген міндетіне байланысты тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге мүліктік мүддесі міндетті сақтандыру объектісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

## 3-бап. Міндетті сақтандырудың мақсаты және негізгі принциптері

1. Міндетті сақтандыру тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтірілген мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

2. Міндетті сақтандырудың негізгі принциптері мыналар:  
зардап шеккен адамдардың мүліктік мүдделерін осы Заңда көзделген тәртіппен және көлемде қорғауды қамтамасыз ету;  
тасымалдаушының міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда оның жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау;  
тараптардың міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қ а м т а м а с ы з е т у .

## 4-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:  
пайда алушы - зардап шеккен болып танылған және осы Заң мен міндетті сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқығы бар тұлға, сондай-ақ

зардап шеккен адамға міндетті сақтандыру шартында көзделген сома шегінде келтірілген зиянды дербес өтеген сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе басқа да т ұ л ғ а ;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - тасымалдаушының тасымалдау кезінде жолаушының өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары б е л г і л е г е н м і н д е т і ;

жолаушы - тасымалдаушымен тасымалдау шартын жасаған жеке тұлға;  
тасымалдаушы - меншік құқығы немесе басқа да заңды негіздерде әуе, теміржол, автомобиль (трамвайлар мен троллейбустарды қоса алғанда), су (теңіз, өзен) көлік құралдарына ие болатын және жолаушылар мен олардың жүгін ақы үшін немесе жалдау бойынша тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы б а р з а ң д ы н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а ;

зардап шеккен адам - тасымалдау кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне з и я н к е л т і р і л г е н ж о л а у ш ы ;

сақтандыру оқиғасы - сақтандыру жағдайы ретінде қаралуы мүмкін және танылуы м ү м к і н о қ и ғ а ;

сақтандыру жағдайы - жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөнінде сақтандырылған адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы;

сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар сақтандыру ұйымы;

шартты франшиза - шығын мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асқан жағдайларда сақтандыру төлемін толық көлемде (франшизаның көлеміне азайтусыз) жүзеге асырылуын көздейтін франшиза;

франшиза - сақтандырушы өтемейтін зиян сомасы.

## 5-бап. Жолаушыларды міндетті сақтандыру шартынсыз тасымалдауға жол бермеу

1. Тасымалдаушының жолаушыларды міндетті сақтандыру шартын жасамай т а с ы м а л д а у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

2. Халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын жасауға міндетті.

3. Тасымалдаушының осы Заңның талаптарын орындауына бақылау жасау (міндетті сақтандыру шартын жасау бөлігінде) Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік

органдарына олардың Қазақстан Республикасының заң актілері белгілеген өкілеттіктері  
ш е г і н д е ж ү к т е л е д і .

## 2-тарау. Міндетті сақтандыру шарты

### 6-бап. Міндетті сақтандыру шарты және оны жасау тәртібі

1. Міндетті сақтандыру шарты өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне тасымалдау кезінде зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғаның (жолаушының) пайдасына сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалған келісім болып табылады.

Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Сақтандырушы сақтанушының міндетті сақтандыру шартын жасауына қарсы  
б о л м а у ы т и і с .

2. Міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Заңда көзделген тәртіппен және мөлшерде сақтандыру төлемін жасауға  
м і н д е т т е н е д і .

3. Міндетті сақтандыру шарты сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады. Сақтандырушы сақтанушыдан осы Заңның талаптарына сәйкес міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтер беруін талап етуге құқылы.

4. Міндетті сақтандыру шартын жасау сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру заңдарының талаптарына сәйкес ресімделген сақтандыру полисін беруімен  
к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушыға ( сақтандырылған адамға) оның жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінің көшірмесін беруге міндетті. Мұндай жағдайда сақтандырушы сақтанушыдан ( сақтандырылған адамнан) сақтандыру полисі бланкісінің дайындау құнының және көшірмесін ресімдеуге жұмсалған шығыстың өтелуін талап етуге құқылы, бірақ 0,1 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.

5. Сақтандыру полисінің нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарды сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган  
б е л г і л е й д і .

### 7-бап. Міндетті сақтандыру шартының күшіне енуі, қолданылу мерзімі және аумағы

1. Егер міндетті сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, міндетті сақтандыру шарты сақтанушы төлеуге тиіс сақтандыру сыйлықақысын, ал оны мәулетпен төлеген кезде бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар

үшін міндетті болады және сақтандыру мерзімі ішінде қолданылады.

2. Міндетті сақтандыру шарты осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда күшіне енгізілген күннен бастап 12 ай мерзімге жасалады.

Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша өз қолданылуын тоқтатпайды.

3. Егер жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы 12 айдан аз кезең ішінде аяқталса, онда міндетті сақтандыру шарты осы кезеңге ғана ж а с а л а д ы .

4. Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шартта басқаша көзделмеген болса, міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының а у м а ғ ы м е н ш е к т е л е д і .

#### 8-бап. Міндетті сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату

1. Міндетті сақтандыру шарты оны тоқтатудың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жалпы негіздерінен басқа мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) тасымалдаушының немесе сақтандырушының қызметі тоқтатылғанда;
- 2) соттың шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдағанда;
- 3) тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауға берілген құқықтың қолданылуы тоқтатылғанда;
- 4) сақтанушының талап етуі бойынша.

Көрсетілген жағдайларда міндетті сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде көзделген жағдайлардың пайда болғанынан бастап міндетті сақтандыру шарты тоқтатылды болып саналады, бұл туралы мүдделі тарап басқа тарапқа тез арада хабар б е р у і т и і с .

2. Міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы

(ал сақтанушы-жеке тұлға қайтыс болған кезде - оның мұрагері)

сақтандырушыға жазбаша өтініш береді. Өтінішке сақтандыру полисі не оның көшірмесі қоса беріледі.

3. Міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін N 1 кестеге сәйкес қайтаруға құқылы.

Ұстау мөлшеріне сақтандырушының іс жүргізу шығыстары енгізілген.

N 1 кесте. Міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде сақтандырушының жылдық сақтандыру

сыйлықақы сомасының бір бөлігінен ұстау мөлшері

Р/с!Міндетті сақтандыру!Ұсталына.! !Р/с!Міндетті сақтандыру!Ұсталынатын !  
 N !шарты күшіне енген !тын ақша ! ! N !шарты күшіне енген !ақша мөлшері !  
 !күннен бастап мер. !мөлшері ! ! !күннен бастап мер. !(процентпен) !  
 !зімінен бұрын тоқ. !(сақтан. ! ! !зімінен бұрын тоқ. !(сақтандыру. !  
 !татылғанға дейін !дырушының! ! !татылғанға дейін !шының іс жүр.!  
 !өткен күндер саны !іс жүргі.!! ! !өткен күндер саны !гізуге шығыс!  
 ! !зуге шы. ! ! ! !тарын есепте.!  
 ! !ғыстарын ! ! ! !генде) !  
 ! !есепте. ! ! ! ! !  
 ! !генде) ! ! ! ! !  
 ! !(процент.!! ! ! ! ! !  
 ! !пен) ! ! ! ! ! !  
 !

1! 2 ! 3 !!! 2 ! 3 !

1	1	5	49	154-156	53
2	2	6	50	157-160	54
3	3-4	7	51	161-164	55
4	5-6	8	52	165-167	56
5	7-8	9	53	168-171	57
6	9-10	10	54	172-175	58
7	11-12	11	55	176-178	59
8	13-14	12	56	179-182	60
9	15-16	13	57	183-187	61
10	17-18	14	58	188-191	62
11	19-20	15	59	192-196	63
12	21-22	16	60	197-200	64
13	23-25	17	61	201-205	65
14	26-29	18	62	206-209	66
15	30-32	19	63	210-214	67
16	33-36	20	64	215-218	68
17	37-40	21	65	219-223	69
18	41-43	22	66	224-228	70
19	44-47	23	67	229-232	71
20	48-51	24	68	233-237	72
21	52-54	25	69	238-241	73

22	55-58	26	70	242-246	74
23	59-62	27	71	247-250	75
24	63-65	28	72	251-255	76
25	66-69	29	73	256-260	77
26	70-73	30	74	261-264	78
27	74-76	31	75	265-269	79
28	77-80	32	76	270-273	80
29	81-83	33	77	274-278	81
30	84-87	34	78	279-282	82
31	88-91	35	79	283-287	83
32	92-94	36	80	288-291	84
33	95-98	37	81	292-296	85
34	99-102	38	82	297-301	86
35	103-105	39	83	302-305	87
36	106-109	40	84	306-310	88
37	110-113	41	85	311-314	89
38	114-116	42	86	315-319	90
39	117-120	43	87	320-323	91
40	121-124	44	88	324-328	92
41	125-127	45	89	329-332	93
42	128-131	46	90	333-337	94
43	132-135	47	91	338-342	95
44	136-138	48	92	343-346	96
45	139-142	49	93	347-351	97
46	143-145	50	94	352-355	98
47	147-149	51	95	356-360	99
48	150-153	52	96	361-365	100

---

## 9-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

### 1. Сақтанушы:

- 1) сақтандырушыдан міндетті сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда оның көшірмесін алуға;
- 3) зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау жөнінде жасалған е с е п п е н т а н ы с у ғ а ;

- 4) міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне заңдарда көзделген тәртіппен қарсы болуға құқылы.

## 2 . С а қ т а н у ш ы :

- 1) міндетті сақтандыру шартына сәйкес сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын уақтылы және толық мөлшерде төлеуге;
- 2) міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде осы Заңның талаптарына сәйкес міндетті сақтандыру шартына кіргізуге қажетті мәліметтерді сақтандырушыға х а б а р л а у ғ а ;
- 3) сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы белгілі болғаннан бастап бес күннен кешіктірмей өзіне қолайлы әдіспен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті. Сақтанушының дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол мұны құжаттар арқылы растауы тиіс;
- 4) сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда зиян мөлшерінің көбеюіне жол бермеу, мүлікті сақтау және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету үшін ықтимал шаралардың б ә р і н қ а б ы л д а у ғ а ;
- 5) сақтандыру оқиғасы туралы және зардап шеккен адамдар жайында тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол полициясы және өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, апатпен күрес қызметіне) х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

3. Міндетті сақтандыру шартында сақтанушының басқа да құқықтары көзделуі м ү м к і н .

4. Зардап шеккен адам немесе басқа да мүдделі адам сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға құқылы.

## 10-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

### 1 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

- 1) міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушыдан осы Заңның талаптарына сәйкес міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажетті мәліметтер беруін т а л а п е т у ғ е ;
- 2) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайының басталғанын және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын мәліметтерді сұратуға;
- 3) келтірілген зиянның мөлшерін, сақтандыру оқиғасының басталу себептерін және басқа да жағдайларды анықтау үшін зардап шеккен адамның мүлкін қарауға;
- 4) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау кезінде сақтандырылған адам келтірген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың шағым-талаптары бойынша сақтандырылған адамның мүддесін сотта қорғауға;
- 5) осы Заңда көзделген жағдайларда келтірілген зиянға жауапты адамға кері талап



қ о ю ғ а ;

б) осы Заңда көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

## 2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) сақтанушыны міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға, міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) міндетті сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтанушыға сақтандыру полисін, ал оны жоғалтқан кезде - көшірмесін беруге;

3) сақтандыру оқиғасы туралы хабар алған кезде оны тіркеуге және қажет болған кезде келтірілген зиянның мөлшерін анықтау және сақтандыру актісін жасау үшін өз ө к і л і н ж і б е р у г е ;

4) сақтанушыны (сақтандырылған адамды) және зардап шеккен адамды келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу жөнінде жасалған есеппен таныстыруға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде жүзеге асыруға;

6) сақтанушыға (сақтандырылған адамға) және басқа да адамға олардың сақтандыру жағдайы кезіндегі шығындарын азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;

7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

## 11-бап. Зардап шеккен адамның құқықтары

Зардап шеккен адам:

1) сақтанушының (сақтандырылған адамның) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау нәтижесінде болған сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы с а қ т а н д ы р у ш ы ғ а х а б а р л а у ғ а ;

2) сақтанушының (сақтандырылған адамның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар жинап, оны сақтанушының (сақтандырылған адамның) міндетті сақтандыру шартын жасаған сақтандырушыға беруге, сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен алуға;

3) сақтандырушының келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау жөніндегі есебімен танысуға;

4) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне заңдарда көзделген тәртіппен қарсы болуға;

5) келтірілген зиян сомасы сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайда тасымалдаушыға келтірілген зиянға қосымша өтем жасау туралы талап қоюға құқылы.

## 12-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері және оны төлеу тәртібі

1. Міндетті сақтандыруды жүзеге асырған кезде N 2 кестеде келтірілген жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшері пайдаланылады.

N 2 кесте. Бір көлік құралына жылдық  
сақтандыру сыйлықақысының мөлшері  
(айлық есептік көрсеткіштермен)

-----  
Көлік құралының атауы ! Жылдық сақтандыру  
! сыйлықақының мөлшері  
-----

### 1. Автомобиль көлігі

1) жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар:

жолаушы орны 4-ке дейін	3
жолаушы орны 5-тен 10-ға дейін	7,5
жолаушы орны 10-нан 20-ға дейін	15
жолаушы орны 20-дан көп	20
2) трамвайлар, троллейбустар	4

### 2. Әуе көлігі

1) ұшақтар:

50 жолаушы орынға дейін;	350
жолаушы орны 50-ден 100-ге дейін;	700
жолаушы орны 100-ден 200-ге дейін;	1400
жолаушы орны 200-ден бастап және одан көп.	2400
2) тікұшақтар	120

### 3. Су (теңіз, өзен) көлігі

50 жолаушы орынға дейін;	35
жолаушы орны 50-ден 100-ге дейін;	70
жолаушы орны 100-ден 150-ге дейін;	100

жолаушы орны 150-ден 300-ге дейін;	200
жолаушы орны 300-ден бастап және одан көп	350

---

2. Теміржол тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушының міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тасымалдаушының сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 проценті болады және бір айда алынған (алынуға тиіс) кірістен ай сайынғы жарналар түрінде төленеді.

Бірінші сақтандыру жарнасының мөлшері алынған (алынуға тиіс) кіріске байланысты кейінгі қайта есеп айырысу арқылы тасымалдаудан түскен жоспарланып отырған айлық кіріске сәйкес белгіленеді.

3. Теміржол тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушының міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандырушы өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелері бойынша, бірақ тасымалдаушының сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде

Қазақстан Республикасының аумағында жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 процентінен аспайтын мөлшерде көбейтуі мүмкін.

4. Міндетті сақтандыру шартын 12 айдан аз мерзімге жасаған кезде N 3 кестеде келтірілген сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері пайдаланылады.

N 3 кесте. 12 айдан аз мерзімге сақтандыру кезінде  
сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

---

Сақтандыру мерзімі	! Сақтандыру сыйлықақысының ! мөлшері (жылдық сақтандыру ! сыйлықақысынан процентпен)
--------------------	---

---

1 айға дейін	20
1 айдан 2 айға дейін	30
2 айдан 3 айға дейін	40
3 айдан 4 айға дейін	50
4 айдан 5 айға дейін	60
5 айдан 6 айға дейін	70

6 айдан 7 айға дейін	75
7 айдан 8 айға дейін	80
8 айдан 9 айға дейін	85
9 айдан 10 айға дейін	90
10 айдан 11 айға дейін	95
11 айдан асса	100

---

5. 6 айға және одан да көп мерзімге жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы мәулетпен төленуі мүмкін. Сақтандыру сыйлықақысын мәулетпен төлеу тәртібін және мерзімін міндетті сақтандыру шарты белгілейді.

6 айдан аз мерзімге жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда бір уақытта төленеді.

6. Осы баптың 3-тармағы теміржол тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушы жасаған міндетті сақтандыру шартына қолданылмайды.

### 3-тарау. Келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

#### 13-бап. Келтірілген зиянның мөлшерін анықтау

1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы осы Заңның 14-бабының 1-тармағында белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде зардап шеккен адамның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық немесе ішінара өтеу түрінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

2. Зардап шеккен адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға зардап шеккен адамның өлімімен, еңбекке жарамдылығын уақытша немесе тұрақты жоғалтумен байланысты зиянның материалдық көрінуі жатады.

Зардап шеккен адамның өміріне және денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Заңға сәйкес медициналық ұйымдар берген құжаттар негізінде айқындалады.

3. Зардап шеккен адамның мүлкіне келтірілген зиянға тасымалдау кезінде тасымалдаушының тасымалдауға алынған және (немесе) жолаушыдағы жойылған (жоғалған) немесе бүлінген мүліктің құны жатады.

Тасымалдаушының тасымалдауға алынған мүлікті және (немесе) жолаушыдағы заттарды тасымалдаушының кінәсінен жойған (жоғалтқан), жетіспеген және (немесе) бүлінген (зақым келтірілген) кезде келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрде

б е л г і л е н е д і :

құны жарияланбаған мүлік, сондай-ақ жолаушыдағы заттар үшін - жоғалған мүліктің, жолаушыдағы заттардың немесе олардың жетіспейтін бөлігінің нақты құны м ө л ш е р і н д е ;

құны жарияланған мүлік үшін - егер жарияланған құн нақты құннан

жоғары екендігі дәлелденбесе, мүліктің жарияланған құны мөлшерінде, бірақ нақты құнынан аспайтын мөлшерде.

Тасымалдаушының тасымалдауға алынған мүлікті және (немесе) жолаушыдағы заттарды бүлдіргені үшін - олардың құны төмендеген сома мөлшерінде, ал қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде - олардың құны мөлшерінде.

#### 14-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Бір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай болады (айлық есептік көрсеткішпен):

1) әрбір зардап шеккен адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін:

қаза тапса	- 600
мүгедектік белгіленсе I топ	- 500
II топ	- 400
III топ	- 300

жалпы еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтса - амбулаториялық және (немесе) тұрақты емделуге жұмсалған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспайды;

2) әрбір зардап шеккен адамның мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспайды.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін сақтандыру төлемі жасалған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

3. Міндетті сақтандыру шарты бойынша шартты франшиза айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшері болады. Келтірілген зиянның мөлшері шартты франшизаның белгіленген мөлшерінен асқан жағдайларда сақтандыру төлемі толық м ө л ш е р д е т ө л е н е д і .

4. Сақтандыру төлеміне сақтанушы (сақтандырылған адам) және (немесе) зардап шеккен адам шеккен зиянның мөлшерін азайту және зардап шеккен адамдарды құтқаруға байланысты шығыстар қосымша кіргізіледі. Көрсетілген шығыстарды зардап шеккен адамға сақтандырушы тікелей өтейді.

5. Зардап шеккен адамға келтірілген зиян сомасы осы Заңда белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асып кеткен жағдайларда, зардап шеккен адам келтірілген зиянды қосымша өтеу туралы заңдарда көзделген тәртіппен тасымалдаушыға тікелей талап қоюға құқылы.

6. Зардап шеккен адам қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері болмаған кезде, сақтандырушы зардап шеккен адамды жерлеген адамға он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сақтандыру төлемін төлейді.

#### 15-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылған адам) не зардап шеккен адам осындай талап қоюға негіз болып табылатын құжаттарды қоса жазбаша түрде береді.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) сақтандыру полисі (оның көшірмесі) - ол болған кезде;

2) жол жүру билеті немесе жолаушыға билет берілген жағдайда оның орнындағы құжат (тасымалдаушы растаған билеттерді сату ведомосінің көшірмесі немесе билет түбіртегінің көшірмесі) немесе белгіленген тәртіппен ресімделген куәлардың көрсетуі;

3) зардап шеккен адамның еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы медицина мекемесі анықтамасының көшірмесі немесе арнаулы мекеменің зардап шеккен адамға мүгедектік белгілеу туралы - ол мүгедек болып қалған жағдайда, анықтамасының көшірмесі ;

4) зардап шеккен адамның өлгені туралы куәліктің көшірмесі және ол қайтыс болған жағдайда - мұрагердің мұраға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;

5) зардап шеккен адамның бүлінген немесе жойылған (жоғалған) мүлкінің тізімдемесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;

6) тергеу және сот органдары құжаттарының көшірмесі - олар болған жағдайда;

7) сақтанушы (сақтандырылған адам), зардап шеккен адам шеккен зиян мөлшерін азайту және зардап шеккен адамды құтқаруға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар - олар болған кезде.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылған адамнан) не зардап шеккен адамнан басқа қосымша құжаттарды талап етуіне тыйым салынады.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндетті.

4. Зардап шеккен адамның өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған немесе оның мұрагерлеріне жеке сақтандыру шарттары бойынша есептелген сомаға карамай төленеді.

5. Зардап шеккен адамның қалауы бойынша сақтандыру сомасын оған денсаулығын

және мүлікті қалпына келтіру бойынша қызмет көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей төлеуге болады.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптарының бірі ретінде пайда алушының сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін міндеттеме беруін талап етуге тиіс емес.

7. Келтірілген зиянды өзі өтеген сақтанушыға (сақтандырылған адамға) пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығына байланысты құқықтары көшеді.

#### 16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңның 15-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төлейді.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне қатысты міндетті сақтандыру шартына қатысушы тараптар немесе зардап шеккен адам қарсы болған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде көрсетілген адамдардың бірде-бірі қарсы болмаған мөлшерде төлеуге міндетті.

3. Сақтандыру төлемінің қарсылық болған бөлігін сақтандырушы бітім келісіміне қол қойылған күннен не осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс. Қарсылық болған бөлігі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері осы тармақта көрсетілген құжаттар негізінде белгіленеді.

4. Егер сақтандыру жағдайынан кейін зардап шеккен адамның алған жарақаты салдарынан үш жыл ішінде денсаулығы нашарлай бастаса (мүгедектікке душар болса немесе мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы өтініштің және қоса берілген тиісті құжаттардың негізінде бұрын төленген соманы есепке ала отырып, осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен сақтандыру төлемі сомасына қайта есептеу жүргізуге міндетті.

#### 17-бап. Кері талап қою (суброгация) құқығы

1. Міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыратын сақтандырушыға төленген сома шегінде келтірілген зиян үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы мынадай жағдайларда көшеді, егер:

1) сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері салдарынан басталған болса;

2) сақтанушының (сақтандырылған адамның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдің, есірткінің немесе токсикоманиялық күйде болу

салдарынан мас күйінде жүргізу салдарынан басталған болса;

3) көлік құралын жүргізуші адам көлік құралын жүргізуге құқығы болмаса;

4) сот талқылауы барысында сақтандыру жағдайы сақтандырылған адам білген немесе білуі тиіс болған көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны анықталса;

5) сақтанушы (сақтандырылған адам) сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса.

2. Егер осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген жағдайларда келтірілген зиянға кінәлі адам көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай пайдаланса немесе оның иесінің қатысуымен мәмілені жазбаша түрде ресімдемей пайдаланса, онда кері талап осы көлік құралының иесіне қойылады.

3. Егер сот тәртібімен сақтандыру жағдайы үшінші тұлғалардың кінәсінен болғаны анықталса, онда тасымалдаушының осындай кінәлі тұлғаға талап қою құқығы міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыратын сақтандырушыға көшеді.

#### 18-бап. Сақтандыру төлемін уақтылы жасамағаны үшін сақтандырушының жауапкершілігі

1. Жолаушыларды міндетті сақтандыру шартын жасамастан тасымалдауды жүзеге асырған тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен әкімшілік жауапқа тартылады.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы жасамаған жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің K941000\_353-бабында белгіленген мөлшерде және тәртіппен пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

#### 19-бап. Сақтандыру төлемінен бас тарту

1. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан болған жағдайларда сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

1) жолаушының қажетті қорғану және шұғыл қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

2) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік улану әсері;

3) әскери қимылдар;

4) азаматтық соғыс, түрлі сипаттағы халық толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер;

5) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау.



2. Егер мұның дәлелді себептерге байланысты екендігі дәлелденсе және сақтандыру жағдайын зардап шеккен адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілгендігі туралы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сондай-ақ мүлік сақтандыру оқиғасынан кейінгі күйінде қарау үшін ұсынылған болса, сақтандыру оқиғасының болғандығы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарламау сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

3. Бүлінген мүлікті пайдаланудың мүмкін еместігіне және мүліктің тауар құнының жойылуына байланысты шеккен зиянды, сондай-ақ зардап шеккен адамның тауар әкелу немесе қызмет көрсету мерзімін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзуына байланысты шығындарды (айыппұлды, тұрақсыздық айыбын) қоса алғанда сақтандырылған адамның зардап шеккен адамның моральдық шығыны мен ала алмаған пайдасының орнын толтыра алмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінде бас тарту себебі негізделген жазбаша нысандағы толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді сақтандыру төлемі туралы талап қойған адамға талап ұсынылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

5. Міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе зардап шеккен адам

арасындағы сақтандыру төлемінің мөлшеріне қатысты даулардың болуы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды. Мұндай даулар болған жағдайда сақтандырушы осы Заңның 16-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына сақтанушы (сақтандырылған адам) немесе зардап шеккен адам сотқа шағым беруі мүмкін.

#### 4-тарау. Қорытынды ережелер

##### 20-бап. Халықаралық шарттар туралы

Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен басқа ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайлардан басқа, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

##### 21-бап. Дауларды қарау тәртібі

Міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

22-бап. Осы Заңды күшіне енгізу туралы

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.